

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 29 желтоқсан –
2026 жылғы 2 қаңтар



2025 ж. 29 желтоқсан – 2026 ж. 2 қаңтар

Аптаның негізгі тақырыптары

01



2026 жылдың басындағы АҚШ-тың акция нарығы: 2025 жыл қорытындысы мен өсім құрылымы

02



Пайыздық мөлшерлемеге қатысты күту нені қалыптастырады

03



Венесуэла: мұнайға әсер ететін фактор ретінде саяси жағдай

2026 жылдың басындағы АҚШ-тың
акция нарығы: 2025 жылдың
қорытындысы мен өсім құрылымы

bccinvest

2025 жылдың соңы максимумдар жаңартылғаннан кейін пайданы тіркеумен өтті: **S&P 500** және **Dow Jones** рекордтық деңгейден алыстады, ал 2026 жылдың алғашқы сауда аптасы төмендеумен аяқталды.

Сонымен қатар 2025 жыл **S&P 500** үшін екі таңбалы толық кірістілік көрсеткен үшінші жыл қатарынан болды **(+17,9%)**, дегенмен бұл нәтиже 2023-2024 жылдардағы көрсеткіштерден төмен болды.

Маңызды назар аударатын жайт – нәтижелердің жоғары деңгейде шоғырлануы: технологиялық бағыттағы ең ірі компаниялар («Mag7») 2025 жылы индекстің жалпы кірістілігінің шамамен **42%-ын** қамтамасыз етті, ал **S&P 500** капиталдандырудағы олардың үлесі **34,9%-ға** дейін өсті. Бұл 2026 жылы кең нарықтың орнықтылығы басқа салалардың қатысуының кеңеюіне және пайда бойынша күтулердің расталуына әлдеқайда көбірек тәуелді болатынын білдіреді.

Негізгі индекстер

Атауы	1-апта	1-ай	YTD
KASE	1,08%	3,10%	1,18%
S&P 500	-0,68%	-0,17%	0,19%
Nasdaq	-1,02%	-1,45%	-0,03%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	-1,25%	-1,89%	-0,17%
Dow Jones	-0,16%	0,89%	0,66%
Борыштық нарық			
U.S. 10Y	1,31%	0,75%	0,41%
U.S. 30Y	1,06%	1,31%	0,52%
Валюталық индекс			
US Dollar Index	0,60%	-0,37%	0,31%
Тауарлар			
Gold	2,51%	4,54%	2,17%
Brent Oil	-1,37%	-4,17%	0,39%
Криптовалюта			
BTC/USD	6,45%	4,03%	5,88%

Пайыздық мөлшерлемеге қатысты bcc invest күтуді не қалыптастырады

Қаңтар айының ортасында басталатын банктердің есеп беру маусымы жақындауына байланысты 4-тоқсан бойынша пайдаға қатысты консенсус бағалау біркелкі оң болып отыр: FactSet деректері бойынша, S&P 500 құрамындағы компаниялардың акцияға шаққандағы пайдасы орташа есеппен шамамен +8,3%-ға өседі деп күтіледі, ал ең жоғары өсім қарқыны **ақпараттық технологиялар** мен **материалдар** секторларында болжануда.

5-9 қаңтардағы аптаның негізгі оқиғалары – инфляциялық тәуекелдер мен пайыздық мөлшерлеме траекториясын бағалауға тікелей әсер ететін деректер. Олардың қатарына өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларындағы іскерлік белсенділік индекстері (ISM), бос жұмыс орындары бойынша статистика (JOLTS), жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға өтініштер, сондай-ақ жұма күні жарияланатын АҚШ-тағы жұмыспен қамту және жұмыссыздық туралы есеп кіреді.

Сондай-ақ бөлек ескерілетін жайт: S&P Dow Jones Indices-тің тарихи деректеріне сай, қаңтар айындағы нарық динамикасы көбіне жылдық нәтижемен сәйкес келеді (оң қаңтар көбіне оң жылға, ал теріс қаңтар теріс жылға сәйкес келеді). Сондықтан нарық жыл басындағы алғашқы белгілерге дәстүрлі түрде ерекше назар аударады.

Алтын мен күміс 1979 жылдан бергі ең жоғары жылдық өсімді көрсетуді жалғастыруда.

Венесуэлада болған жағдай жаңа импульс берді.



Венесуэла: мұнайға әсер ететін фактор ретінде саяси жағдай

Венесуэладағы жағдай белгісіздікті арттырды, алайда **жаһандық нарықтың бастапқы реакциясы шектеулі болды**: Brent маркалы мұнай Азия сессиясының басында арзандап, кейіннен қайтадан қалыпты өсімге оралды; сонымен қатар қорғаныш активтеріне сұраныс артты: алтын бір унциясы үшін **4 400 доллардан** жоғары көтерілді, күміс одан да айқынырақ өсті. Соған қарамастан акция нарығында тәуекелге деген тәбет сақталды: технологиялық компанияларға сұраныс аясында Азия индекстері максимумдарды жаңартты, ал АҚШ индекстеріне фьючерстер нығайды.

Мұнай теңгерімі тұрғысынан алғанда, дереккөздердің мәліметтеріне сай, **негізгі инфрақұрылым зардап шекпегені маңызды**: Хосе порты, Амюэй МӨЗ және Ориноко белдеуіндегі негізгі өндіру аймақтары жұмысын жалғастырды. Бұл ұсыныс жағынан жедел күйреу ықтималдығын төмендетіп, мұнай бағасының ұстамды реакциясын түсіндіреді.

Кейбір қағаздар деңгейінде жаңалықтар **мұнай-газ секторын** қолдады: АҚШ-тың Венесуэланың энергетика саласын қалпына келтіру жоспарлары туралы мәлімдемелері аясында жобалар мен қорларға қолжетімділіктің кеңеюінен ұтуы мүмкін компаниялардың акциялары өсті. Олардың қатарында елімізде арнайы рұқсатпен жұмыс істеп жатқан **Chevron**, сондай-ақ **ConocoPhillips** және **Exxon Mobil** бар, Еуропада **Eni**, **Repsol** және **Maurel & Prom** акциялары қымбаттады.

Сонымен бірге өндіріс көлемінің қарқынды өсуі екіталай болып қала береді: салалық сарапшылардың бағалауынша, саланы толық қалпына келтіру бірнеше **жылға** созылып, **100 млрд доллардан астам** инвестицияны талап етуі мүмкін, ал Венесуэланың әлемдік өндірістегі қазіргі үлесі **1%-дан** төмен. UBS талдауында да шектеулердің сақталуы және инфрақұрылымның жағдайы экспорт пен өндірістің қалыпқа келуін инерциялық етеді, ал ұсыныстың едәуір ұлғаюы «тоқсандар» емес, «жылдар» аясындағы сценарий екені атап өтіледі.

Нефтяные платформы Венесуэлы

Количество действующих буровых установок находится на уровне, близком к исторически низкому.

Количество нефтяных вышек в Венесуэле



Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.